БАҚ беттерінде, телеарналарда, ғаламторда ұлттық құндылықтарды әзілге айналдыруды, ұлтты жасырын кемсітуді тоқтату қажет. Мысалы, КТК телеарнасындағы «Наша казаша» сияқты әзіл – сықақ бағдарламаларда қазақтар ақымақтар ретінде көрінеді. Сонымен қатар, телеарналарда көрсетілетін басқа елдерге тән адами қатынастар мен отбасылық және т.б. құндылықтарды насихаттайтын телехикаяларды (телесериал) тоқтату қажет.

Мектепте бастауыш сыныптан бастап ЖОО-ға дейінгі аралықта, дәстүрлі рухани құндылықтар туралы білім беретін арнайы пән енгізу қажет. Пән адал, таза, мөлдір ғылыми сұрыптаудан өтуі тиіс. Пәнді дайындаушыларды формалды ғылыми атағымен таңдамау қажет. Ғылыми атағы жоқ болса да, өз ісінде өте білікті мамандарды тарту қажет.

Ұлт өміріндегі Ұлы оқиғаларды насихаттайтын көркем безендірілген көпшілік журнал шығару қажет. Мысалы, 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс, «Алаш» қозғалысы, қазақ қайраткерлері туралы жеңіл, түсінікті тілмен жазылған мәліметтер көпшілікке жеткізілуі тиіс. Ресейде шығарылатын «Загадки истории» журналының форматын алуға болады.

Отбасылық құндылықтар мемлекет көлемінде мақсатты насихатталуы тиіс. Себебі, Қазақстанда отбасының бұзылуы қауіпті шекке жетуде. Тарихтағы Ұлы әйелдер Томирис, Бопай батыр, Мәншүк пен Әлия және т.б. мысалында қазақ әйелдерін тәрбиелеу қажет. Ер адамдар құқығын қорғауды мемлекеттік дәрежеге көтеру қажет. Көптеген жақсы ер – азаматтар отбасының бұзылуының, содан шығатын материалдық зардап шегу мен психологиялық қысым себебінен (сот кеңес дәуірінен қалған дәстүрлі түрде әйел құқығын қорғауды бірінші кезекке қояды), рухани азғындап кетуде немесе қылмысқа баруда.

Орта және шағын кәсіпкерлікті тәртіпке келтіру қажет. Адамдарды рухани аздыру жолымен пайда табатын кәсіпкерлік нысандар, еліміздің рухани қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Түнгі клубтар еліміздің болашағы жастарды аздыруда, соның кесірінен отбасы мен оқу орындары беретін тәрбие нәтижесіз қалуда. Жалпы, арсыздыққа тәрбиелейтін ойын – сауық орындарының кәсібіне заңмен тыйым салу керек.

Қазіргі уақыттағы билік басындағы лауазымды тұлғалар мен дінбасылардың жеке, отбасылық өмірлері халыққа үлгі болуы тиіс. Олар өздерінің өнегелі өмірлері, тату – тәтті отбасы туралы халыққа жариялап отырулары тиіс. Мысалы, қазақ хандары, билері, әулиелері өздерінің жеке жоғары адамгершілік құндылықтарымен халыққа үлгі болған. Әкім немесе имам кәсіпкерлік пайдақорлықпен ашық айналысатын болса, олардың балалары халық алдында ойларына келгенін жасап, заңды бұзатын болса, қарапайым халықтан рухани жаңғыруды талап ету екіжүзділік болады.

Т.Т. ШАЙХИЕВ,
ДТ және ӘСП кафедрасының аға оқытушысы

Жаңғыру - жаңарудың жаңа жолы

Жыл сайын Қазақстан өзінің даму жолына түрлі нақты жоспарлар жасап алдағы жылдарға үлкен бағдарламалармен кірісіп нақты нәтижелерге қол жеткізуде. Қазақстан тәуелсіз ел атанғалы біздің еліміз шарықтап даму үстінде. Жыл сайын еліміз гүлденіп, шаттана түсуде. Ел Президентінің жыл сайынға жолдауы мен басты стратегиялық бағыттарын негізге ала отырып, тәуелсіз мемлекетіміз қарыштап дамуда. Елбасының бұдан екі жыл бұрын жолдаған «100 нақты қадам» - Ұлт жоспары аясында жүзеге асырылып өзінің даму бағытын ұстануда. Міне жыл өткен сайын Тәуелсіз мемлекетіміз де нығайып, алға барар бағыттарды болжап жоспарлауда. Соның ең басты негізі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған үндеуі болып табылады. Ел тәуелсіздік алып, талай қиын жылдарды бастан кешірген уақытта Елбасының көрегендгі мен салиқалы саясатының арқасында Президенттік басқару жүйесінің арқасында өзіміздің қазақстандық даму жолымызды қалыптастыра отырып, Елбасының қадағалауымен еліміз қиындықтан түзу жол тауып шыға білді. Міне, содан бері Тәуелсіздігімізге 25 жыл толып еліміз дамуын күшейте түсуде. Ендігі кезекте Елбасының ұйғаруымен алдағы жаңа бағыттар мен басымдықтарға жету жолында жаңаша көзқарас, жаңа бағыт, жаңа экономика керек екенін өзек ете отырып, Қазақстан халқына өз мақаласын жолдап, жаңарудың жаңа жолдары мен жаңа серпін жасау керек екенін бағадарлап айтып берді.

Біз Тәуелсіз мемлекетіміздің дамуының жаңа белесінде тағы бір тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз. Ол - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы болашақ ұрпақтың қамын бүгіннен бастап ойлау керек екенін біле отырып жан-жақты тұжырымдалып жасалған қадам болатын. Біз қазір бүкіл әлем таныған әйгілі мемлекетке айналдық.

Міне, еліміз Жаңғырудың үшінші кезеңін өткізгелі отыр. Бұл жаңғыру - жай ғана жаңғыру емес, аса үлкен серпінмен ұрпақ болашағын ойлай отырып, мәңгілік ел болып тұғырын биік ұстауға нық бекем жасау. Үшінші жаңғырудың бес сатысын айқын аша отырып, Елбасымыз көптеген жоспарларға нақты тапсырмалар берді. Бұл - елдің жаңа серпіні. Еліміз көп жылдар бойы уақыт өткен сайын жаңарып келе жатса, осы жолда тарихтың жаңа жаңғыруын бастамақ. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев осыдан біраз жыл бұрын бір сөзінде «өзгеріс дауылы тұрғанда оған қарсы қорған емес, желкен тұрғызу керек» деп әдемі айтып өткен әңгімелері осы уақытта дәл келіп отыр. Шындығында, қазіргі әлем үздіксіз өзгерістер үстінде. Ондай өзгерістер дүниеге біртіндеп емес, бірден батпандап еніп жатыр. Соның бір ғана мысалы - ақпарат ғасырындағы жаңалықтың шапшаңдығы. Міне осындай қарыштап дамып жатқан уақытта бей жай отыруға болмайтыны сөзсіз.

Жаңғырудың жаңа жолында негізгі бес басым бағыт берілді. Бұнда экономиканың әлемдік өсімінің орта деңгейден жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге лайықталған негізгі бес басымдық қарастырылады.

Бірінші басымдық - экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту;

Екінші басымдық - бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту. Үшінші басымдық - қаржы секторын «қайта жаңғырту». Төртінші басымдық - адами капитал сапасын жақсарту Бесінші басымдық - қауіпсіздік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылады. Осы бес басымдықтың ішінде қазіргі ең өзекті мәселелердің бірі адами капитал сапасын жақсарту. Осы тұрғыдан айтқанда қазіргі жас мемлекетіміздің ең басты байлығы ол адам денсаулығы мен сапалы білімі болып табылады. Осы негізде қазіргі уақытта заманауи деңгейдегі білім сапасымен қамтамасыз ете отырып, болашақ жастардың денсаулығына да басты назар аударған жөн. Осы мәселелерді басты негізге ала отырып елімізде спорттың даму сатысын жеделдетіп жалпы халық арасында салауатты өмір салтын ұстануды күнделікті әдетке айналдырса ел дамуына қосқан зор үлес болар еді. Қазіргі уақытта жастардың көпшілігі спортқа ден койғанымен тиісті орындардың ақылы түрде болғандығынан жастардың көбі спортты тастап кетуге мәжбүр. Сол себепті спорт залдарды шет елдердегідей тегін немесе кіру құнын төмен баға қылса жастарымыздың бос уақытында сол спорт залдарынан табылатыны сөзсіз. Міне, осын тектес басты мәселерді қолға алсақ дамуымызға да жақсы серпін болар еді. Мемлекет дамуына серпін беріп, күш қуат қалыптастыратын халықтың білімділігі. Сонда ғана биік тұғырлы өз мемлекетіміздің жетістігіне қол ұшын бере аламыз.

Осы жетістіктерімізді сақтап, одан әрі үздіксіз дамуды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің дамуына өз үлесімізді қоса білейік. Болашаққа бағдар - жаңа жаңғыру туралы бастама - Елбасының болашақты болжайтын көреген саясатының нәтижесі екені сөзсіз. Бұл - еліміз үшін, болашағымыз үшін өте маңызды қадам. Президентіміздің мақаласын есте сақтай отырып, Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру екенін есте ұстап, жалпыхалық болып талқылауға бәріміз бір кісідей атсалысайық, ағайын.

Қ.Т. ҚАШҚЫНБАЙ,
М.Қ. ТЕЛАГИСОВ,
Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дене тәрбиесі пәні оқытушысы

***Сариева Әйгерім Ерболатқызы,** 1996 жылы 9 ақпанда БҚО, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылында дүниеге келген. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, филология факультетінің 3-курс студенті. Облыстық шығармалар мен мүшәйралардың жеңімпазы, «Массагет» порталы ұйымдастырған өн мәтіндері байқауының жүлдегері.*

Жұрттың мінін көрсетуге асықпыз,
Жемқорларға құшақты көп ашыппыз.
Ашкөздерді
қарнын сипап отырған
Көре-көре біз де мүңкіп сасыппыз.

Мінін айтып біреулерді кем дейміз,
Тіршілікте тірілерді тілдейміз.
Ағайынға бір мейірім танытып
Жүздеріне қарап тұрып
Күлмейміз.

Қырсық ұрған жерге жиі барамыз,
Уланады әлсіз тұрған санамыз.
Жәшік көрсе, тесік көрсе сәбиін,
Шырылдатып тастай салар анамыз.

Бақсыларға, балгерлерге сенеміз,
Кім не айтса, ықпалына ереміз.
Тапсырамыз құмалаққа тағдыды,
Тастан Құдай жасап алып жүреміз.

Арып-ашып тоналуда жанымыз,
Табан асты кірлеп жатыр арымыз.
Биік таудан төбешікке аласа
Айналыпты қуат ішкен хәліміз.

Аталы сөз арықтаған, жүдеген
Орынында балағат сөз түлеген.
Сүзіп-ішіп қарындастың байлығын,
Қойынында бір күн ғана түнеген.

Абыройдан кетіп жатыр жас буын,
Көрінгенге түсіре сап ышқырын.
Қоржынына жинап алған бойжеткен,
Жалындаған жастың шақтың мас күнін.

Еркектің де болады, рас сойқаны,
Әйелдің де болады, рас сайқалы.
Бірі оңбай көрсетеді қиқарын,
Біреуінің шағым болар айтары.

Елге деген сезімі жоқ алаңдар,
Таласады билікке кіл нададар.
Жетім көрсе бір тиынын қимайтын,
Шеттерінен пасық, арам, сараңдар.

Мәңгүрттерді мүсіркеген заман-ай,
Қолдың ұшын созбай өткен адам-ай.
Сап тиылса жыбыр-қыбыр тіршілік,
Жоғаламыз тарихқа да қарамай.

Кеміреміз майы жоқ құр сүйекті,
Құрысын деп бастаймыз көп тілекті.
Адамзат-ау! Кім емдейді
Осынау
Дертті болған жүректі?!

***

***Нуриева Айнұр Робертқызы,** 1997 жылы 8 шілдеде Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Нұржау ауылында дүниеге келген. Құрманғазы ауданы Еңбекші орта мектебін 2014 жылы бітіріп, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түскен. Мамандығы – биология. Қазіргі уақытта 3-курс студенті.*

Аяулы анам

Аяулы анам ақ сүт берген, әлдилеп,
Сізге деген махаббатым бір бөлек.
Өсірдіңіз тұмсықтыға шоқытпай
Адал болуға, адам болуға тәрбиелеп.

Жан анашым өзіңе тән қайсарлық,
Шашыңа да ақ түсіпті байқадық.
Тал бесіктен тәрбиенді сіңірдім
Жүзіңде қату, қаныңда бар қаталдық.

Шыдап келдің балаң үшін бәріне,
Жеңіп шықтың елдің қаңку сөзін де.
Бейнетіңнің зейнетін көр анашым,
Сіз болсаңыз көңілім тоқ менің де.

Ақ сүтіңді қалай ғана ақтармын,
Сізге ғана жан сырымды ақтардым.
Сағынғанда жыр жазамын өзіңе
Ана, ыстық құшағыңды аңсадым.

Аңсаған арман

Тылсым күшке енсем деймін сиқырлы,
Ата- анама болсам деймін сүйкімді.
Адастырмай аңсаған ақ арманым,
Жүріп өтсем арман жолын сан қилы.

Уақыт шіркін зырғып өтер сынаптай,
Жігерлі адам болу керек болаттай.
Адал ісің қалса егер артыңда,
Болар едің жарқыраған жұлдыздай.

Өмір деген алма- кезек арпалыс,
Анама мен бола білсем қолғабыс.
Көрерсіздер жарқ етемін бір күні,
Бұл фәниде болмаса екен жалған іс.

***

***Ниязбаева Асылай Қайрошқызы,** 1997 жылы Атырау облысы, Индер ауданында дүниеге келген. Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті. Облыстық, республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Өлеңдері облыстық, республикалық баспа беттерінде жарық көрген.*

Сағыныш хаттары
(Ауылға)

I

Сағынып жүр-ау ауылын құлыншағы әлі,
Шашбаулы бұрым болған соң тұлымшағы әні
Жайыққа барып көл-көсір сырын ағызып,
Жазылмай жүрген іштегі мұңын шағады.

Мендегі дертті қалайша тас қала ұғар?!
Кезім көп жастың құшақтап жастана жылар.
Тар көшелерде қаңғырдым таба да алмай,
Жайлы мекенді жып-жылы баспана қылар.

Ей, ауыл!
Сенің не деген құшағың кең ед(і)?!
Құлазығанда сыйладың күш ағын демеп.
Суық шаһарда миымды бөтен ой қармап,
Өзімді-өзім іздеумен құса мұң жеп ед(і).

Ақылға сезім кей кезде ере де қалмас,
Ере де қалмас, сол күйі көне де салмас.
Қалада сепкен әйелдің қымбат өтірі,
Жусан иісін ауылдың бере де алмас.

Тұрады саған сағыныш тартып-ақ дәйім,
Естеліктерім сендегі жарты бақтайын.
Армансыз менде кетер ме ем топырағында?
Қалтырап өлсем күзді күн жапырақтайын...

II

Жолдар жатыр көтеріп қара шаңын,
Қырдан анау қол бұлғап, бала шағым.
Қызғалдақты бір терген құрбылардың,
Күз жалмаған күлкісі ала сағым.
Ауылдан алыстатып бара жатып,
Қайта келмес күндермен таласамын.

Жалғыздық боп алған да, сырласым - ән,
Ауылға кетемін деп күнде асығам.
«Айналайын» дегенін естігім кеп,
Әкемнің бірге өскен құрдасынан.
Ауылым тірлігіңді аңсап жүрмін,
Түтіні түзу шыққан мұржасынан.

Қалада қайғыруға жетер күдік,
Бүйрек тұрмас ауылға бекер бұрып.
Жанымда жайсаң мінез жеңгем жүрсе,
Шықса ылғи да алдымнан көкем күліп.

Қаланың болсын сұлу түні көркем,
Ауылдың сағынтып жүр күні желкем.
Жайықтың мініп алып толқынына,
Ауылға тартып кетем бүгін-ертең!!!

Жаралы өлең

Қолын бұлғап қош айтысқан бұла күн,
Келер күнді көру қиын сірә тым,
О, Жасаған, өлеміз деп бір күні,
О, Жарықтық, өліп кетті бір ақын.

О, Жарықтық, өліп кетті ірі ақын,
Оны жоқтап өкін, қайғыр, жыла түн,
Өмір деген - үміт екен үзілген,
Өмір деген - шөлмек екен сынатын,
Өліп кетті бір ақын.

Осы болды қу тірліктің сынағы,
Бек қыраным Кеңсай жақта құлады.
Томсырайған тіршілікті білмеймін,
Жаралы боп өлең қатты жылады.

Қаралы боп өлең қатты жылады,
Тоқтамады сағатымның тілі әлі,
Бұл өлімге провасы бар білем,
Ажал ғана кінәлі,
Өлең қатты жылады.

Өмір - өлең, Өлең - өмір жалғайтын,
Ғасырлардан ғасырларға самғайтын.
Содан бері жара қалды өлеңде,
Уақыт емдеп, уақыт жаза алмайтын.

Уақыт емдеп, уақыт жаза алмайтын,
Күнәһарды жылататын ғаламда,
Уақытты да емші деп, ел алдайтын,
Ел біледі жара қалды өлеңде,
Уақыт жаза алмайтын!

Әкеге

Бойына жиып қойғандай ғажаптың бәрін,
Сіз барда мүлде сезбеймін азаптың дәмін.
Тұрлаусыз соққан сағат та өтпей қойғаны-ай,
Қауышар сәтке сезді ме аз-ақ күн барын?

Өткеннің мұңын өткенге қимай не етемін?!
Қиялдың қанша қусам да тимай жетегін.
Ып-ыстық алақаныңмен бұрымнан сипап,
Қызым дегенде қалыпқа сыймай кетемін.

Балдәурен шақ та қол бұлғап барады асып,
Тәтті естелікке көңілім алады тасып.
Ешкімге басты имеген өжеттігім мен
Өрлігім алдыңызда да қалады жасып.

Тарпаң тағдырға дес бермес батылымызда,
Өзіңдей әке тап болған бақ ұлыңызға.
Қамыққан кезде жұбатып қайрап отырған
Өмір қатпары тұрады ақылыңызда.

Титтей денемді көтер деп барар қауым қай?
Биіктен мені түсірмес Алатауымдай.
Сағынған ерке қызыңның өрт боп жүрегі,
Жарылмай қалай жүр екен, жанартауындай?!

***

***Қасымбеков Әзірет,** қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті*

Мерейлі тілім - ана тіл

Ана тілім-еркіндігім, теңдігім,
Ана тілім - ашықтығым, кеңдігім,
Ана тілім - тірлігімнің айғағы
Ана тілім-мақтанышым,елдігім.

Көрінеді тілден түйсік білім де,
Біле білсең жарқылдаушы-тілінде.
Мәңгілік ел болам десең іргелі,
Әрбір қазақ сөйлеу міндет тілінде.

Тіл жойылса,жойылғаның түбінде,
Туған тілім тайғақ жолдан сүрінбе,
Ана тілім-алпыс тілге татиды
Туған тілге құрмет керек бүгінде.

Асылдардың жазылмаған жырымын,
Туған елім - бақ-берекем,тұрымым,
Тіл - мәдени қазынаның бұлағы
Туған тілім бір мен үшін ұлы ұғым.

Тұғырлы ел болам десең мәңгілік,
Тілдің өркен жаюы да заңдылық,
Көк туымның астындағы барша ұлт
Қазақ тілде сөйлесе екен таң қылып.

Өзге тілді білсең-дағы биіксің,
Өз тіліңді сыйламасаң күйіксің.
Ана тілім-рухани байлық қой
Сол байлықты өн бойыма жиыппын.

Ұстаздарым- ұлағатым, өнегем

Ұстаздарым-ұлы тұлғам, мейірбан,
Білім нәрін жинайтұғын қиырдан,
«Екінші анам» - деп қадірлеп ұстазды
Шәкірттері әрқашанда сиынған.

Ғылым қуып, білім нәрін жинаған,
Ұрпақ үшін шыбын жанын қинаған,
Ізденісте болар әркез ұстазды
Барша халық ханнан бетер сыйлаған

Ұстаздардың орны бөлек әр кезде,
Білім берген қанша уақыт сан бізге,
Білім үшін бар өмірін арнаған
Мың бір алғыс айтамыз біз сіздерге.

Ұстаздарым-сарқылмайтын мәңгі жыр,
Ұстаз деген-өлмес, өшпес ән-ғұмыр,
Күлімдесе мұғалімдер күндей боп
Жанымызда жадырап-ақ қалды бір.

Оқушыға айтпақ әр кез керегін,
Табанды еңбек етерін де білемін,
Мәртебелі қауымына ұстаздың
Зор құрметпен басымды мен иемін.

Ұстаз ісі - ұлағатты іс өрлеген,
Болашаққа жолды сілтер көреген,
Алтыннан да ардақты дүр ұстаздар
Әрқашанда биік болсын мерейің.

Әркімдердің созған қолы жетпеген,
Ұстаз болу-мендік арман көксеген,
Бақытты бол, гүлдей жайна өмірде
Бала-шаға қызығын көр деп келем.

Сенсеңіздер менде көкке құштармын,
Түйірімін таңғы мөлдір шықтардың,
Ұстаздарды мақтан етем әр кезде
Шәкірті боп қала берем ұстаздың!

Путь к успеху - это служение людям; никакими иными путями добиться успеха невозможно

ЭлбертХаббард

НАУЧНЫЕ ИДЕИ ПРОФЕССОРА Р.А.АБУЗЯРОВА НАШЛИ ВТОРУЮ ЖИЗНЬ

Самый захватывающий и интересный путь – это путь к успеху. Обычно все начинается с мечты. А дальше человека ждет множество этапов на пути достижения цели. Здесь могут быть и ошибки, и случайности, и триумфы, и разочарования, но в итоге он обязательно добьется успеха.

Каждый из нас обладает способностью побеждать. Каждый из нас способен идти и идти к победе, совершая маленькие шаги, маленькие усилия, которые мало-помалу сложатся в постоянное движение вперёд. Для этого не нужны ни какие-то особые формулы, ни чья-то специальная помощь: всегда можно идти вперёд, всегда можно совершенствоваться, всегда можно становиться лучше.

Кто такой успешный человек? Как ему удается разгадать знаки Судьбы и правильно на них среагировать? Какой путь он прошел, чтобы заслужить этот дар? Думаю, что секрет в его жизни: мыслях, словах, поступках, привычках и во всех тех «мелочах», которые формируют характер человека, а значит, и его судьбу.

16 июня 2017 года доктору педагогических наук, профессору Разаку Абдрахмановичу Абузярову исполнилось 85 лет. Широкий кругозор познаний и предприимчивость, любознательность и умение применить ко всему свои знания, склонность к риску и некоторая авантюристичность характера, тонкий юмор и человеколюбие – таким я вижу сегодня профессора Разака Абдрахмановича.

За то время, что работает в нашем вузе, а это с 1972 года, университет прошел очень трудный и насыщенный славными событиями путь своего развития. О том, что было сделано за это время, - наш разговор с Разаком Абдрахмановичем Абузяровым.

- Что в Вашей жизни значит университет?

- Для меня, как, наверное, для каждого человека, университет - это светлая, созидательная сила общества. Я прошел 45 лет своей жизни, а это получается больше полжизни (смеется) рука об руку (смеется) с нашим университетом и убежден, что он выполняет много важных задач - это и образование, и наука, и культура, и воспитание нового поколения. И я всегда стремился делать все, чтобы преумножить успехи университета, развить все направления его работы.

<u>От автора:</u> Профессор РазакАбузяров более 27 лет руководил кафедрой методики преподавания русского языка, будучи создателем этой кафедры.

Невозможно в газетной статье описать все направления работы профессора Абузярова. Остановимся лишь на некоторых.

Удивляюсь научной прозорливости и методической дальновидности Разака Абдрахмановича. Тематические уроки русского языка, о которых он начал говорить и внедрять в учебный процесс в 70-е годы, сегодня являются весьма востребованными, поскольку в основе обновления содержания образования по предмету «Русский язык», внедряемого в казахстанских школах с 2016 года, лежит именно эта методика, когда вся работа проводится на дидактическом материале по одной теме высказывания.

Еще одним аспектом исследованийР.А.Абузярова и возглавляемой им проблемной лаборатории АПН СССР, созданной на базе кафедры методики русского языка Уральского педагогического института имени А.С.Пушкина, были возможности экстралингвистических факторов в повышении эффективности обученияlarusской речи. После распада Советского Союза содержание экстралингвистических факторов исследовалось на опыте интенсивных курсов русского языка в вузе, татарского, казахского языков на начальном этапе обучения. Сегодня эти исследования продолжаются, и в их основе лежат не кинофильмы и телепередачи, а Интернет. Идеи профессора Абузярова и сейчас востребованы и актуальны.

Массовое внедрение в Казахстане интенсивных курсов русского языка с призывниками в условиях, максимально приближенных к военным, было широко известно в СССР. Во всесоюзном журнале «Русский язык в национальной школе» и в аналогичных журналах всех союзных республик была открыта рубрика «Военно-речевая подготовка».Почти во всех областях Казахстана и в ряде других республик профессор Абузяров проводил с преподавателями русского языка и военруками совместные семинары военно-речевой подготовки. Разработанная Р.А.Абузяровым многоаспектная система военно-речевой подготовки учащихся национальных школ к службе в Советской Армии» (докторская диссертация) была успешно защищена в Военно-политической академии имени В.И.Ленина в 1983г.

В последние годы профессор Абузяров вновь вернулся к истокам своей научной деятельности – к краеведческой работе (именно по этой теме была защищена его кандидатская диссертация). На сей раз краеведческая тема была связана с евразийским характером Уральска и формированием в нашем казахстанском, евразийском городе великого татарского поэта Габдуллы Тукая. Результатом этой работы стали 7 Международных научных конференцийпо евразийству, десятки книг о ГабдуллеТукае как поэте евразийце, докладов, курсовых и дипломных работ.

В результате этой деятельности возникли прочные научные связи с Татарстаном, и это повлекло за собой создание в нашем вузе консорциума «Духовное наследие тюркоязычных народов», заключенного с Казанским (Приволжским) федеральным университетом и Институтом языка, литературы и искусства им. М.Ибрагимова Академии наук Республики Татарстан. Именно эти научные связи позволили нашим магистрантам проходить на протяжении ряда лет научную стажировку в КФУ, одном из старейших вузов России, который вошел в топ 500 лучших вузов мира.

- Как Вы думаете, какие приоритетные задачи должен ставить перед собой университет?

- Думаю, необходимо повышать статус преподавателя университета. В советское время стать преподавателем вуза было труднодостижимо, сейчас (смешно сказать) заработная плата преподавателей вуза меньше, чем у школьных учителей. Кто же из молодежи захочет работать? И как говорить о развитии высшей школы в таком случае? Происходит неизбежное старение квалифицированных кадров. И хотя остепененность кафедры соответствует нормативам, определенным министерством, в основном, это люди пенсионного возраста.

Второе - это создание системы качественной подготовки специалистов. В этом плане наша кафедра еще держится на плаву, основной костяк составляют квалифицированные, принципиальные, верные своему делу люди. Тем не менее не могу отрицать того факта, что нынешняя пятерка сродни советской тройке.

Очень важно повышать уровень конкурентоспособности университетского образования путем создания инновационной среды, в которой бы осуществлялся образовательный процесс.

-Простите за некорректный вопрос, много преподавателей уходили в разные вузы, а Вы остались верным своему. В чем причина?

Да, согласен, в погоне за хорошей зарплатой коллеги уходили в другие вузы. Но я их не осуждаю. У каждого свои причины, у каждого свои потребности, у каждого своя жизнь. Да, сейчас много говорят о мобильности, что надо пробовать все, но все же ... (пауза). Не хочется говорить высокие слова о преданности, но в вузе немало таких же, как и я. Да Вы и сами говорили, что не представляете свою жизнь без этих стен. Вот и я так же... Что говорить, приглашали много. Но я не сдался (смеется).

- Какие традиции в университете, на Ваш взгляд, стоит обязательно сохранять?

- Мне кажется, очень важно сохранять традиции коллективизма и преемственности, налаживать общение преподавателей и студентов, поэтому нужно проводить больше коллективных мероприятий. Важно сохранять академизм. Я часто слышу обращение на «ТЫ» между коллегами, преподавателями и студентами. Считаю это недопустимым, если мы хотим сохранить академическую среду. Как-то незаметно исчезает тонкий дух интеллигентности, если можно так сказать. Простите, возможно, я сравниваю с прошлым. Очень важноприобщать студентов, молодых ученых кнауке, необходима подготовка молодой научной смены.

- Что Выпожелаете сегодняшним студентам?

- Сегодня нашу молодежь окружает много соблазнов, но мерилом всего продолжает оставаться труд, для студентов - это учеба. Со временем роль знаний в мире только возрастает, именно знания определяют место человека в жизни. Поэтому хотелось бы пожелать молодежи стремиться к знаниям, бороться с ленью, познавать себя, самосовершенствоваться. Ведь после окончания университета учить больше не будут - будут только спрашивать. И к этому надо быть готовым. Студенческие годы - это годы не только становления личности, учебы, но и увлечений, в том числе романтических. Так что желаю всем студентам провести это время плодотворно, сочетать труд и творческое развитие, жить полноценной жизнью, желаю любви, счастья, друзей, яркого жизненного пути. И,наконец, в наш век жестокого индивидуализма, хочу пожелать доброго, человеческого отношения друг кдругу, взаимопомощи и поддержки.

Мы задали вопросы, которые, наверно, волнуют каждого человека. Может быть, именно они как нельзя более характеризуют личность.

- Ваш любимый афоризм?

- Что может быть приятнее передачи жадному ученику знаний, которые дались тебе долгим и тяжким трудом.

- Ваш идеал человека?

- Мудрый, интеллигентный и скромный человек.

- Что Вы любите? Ваши увлечения? Самое сильное, любимое?

- Люблю дело всей моей жизни - педагогическое творчество.

- Что вам нравится в людях?

- То же, что называю идеалом человека.

- Какие черты характера Вы цените в мужчинах?

- Ум, высокую культуру, мужественность.

- А в женщинах?

- Мудрость, духовную красоту, добропорядочность.

- Что Вам нравится в современных юношах, девушках?

- Смелость, открытость, лидерские качества.

- Что Вы могли бы по-отцовски пожелать молодежи?

- Набираться духовного опыта, заниматься самообразованием, развивать в себе чувство ответственности.

- Если бы Вам было предоставлено право изменить свою жизнь, что бы Вы изменили в ней?

- Еще раз прожил бы эту же жизнь: не мыслю себя вне педагогической деятельности, так же посвятил себя воспитанию творческих людей.

- Верите ли вы во Всевышнего? Если да, то в чем это проявляется?

- Верю в существование высшего разума. Аллах должен быть в сердце каждого. Верю в то, что ничто не происходит случайно.

- Что доставляет Вам удовлетворение, когда Вы оглядываетесь на прошедшую жизнь?

- Моя активная деятельность в качестве начинающего педагога, моя роль в становлении и развитии университета.

- В чем Вы видите смысл жизни?

- В результатах своей деятельности, в том, какую пользу она может принести людям.

- А что дает Вам «подпитку» для жизни?

- Созидание всего, что меня окружает. Интересные личности, позитивные люди. И, несомненно, моя семья.

-Если бы у Вас в руках появилась лампа Алладина и джин позволил Вам загадать три желания, что бы Вы пожелали?

- В этом году и вузу, и мне исполняется 85 лет, я старше университета на несколько месяцев (улыбается). Желаю быть моложе университета лет эдак на 50. А если серьезно: жаждущих знаний студентов, долголетия и процветания университету, неиссякаемых творческих идей коллегам.

-Говорят, и мысли, и слова материальны. Мы надеемся, что все Ваши желания сбудутся. Спасибо за интересную беседу.

Каждый из нас должен искать свой собственный свет, своё собственное место в мире, и если мы счастливы там, где мы есть, это прекрасно. Жизнь сама по себе – это чистый холст; она становится тем, что мы нарисуем на нём.

Чтобы достать камень со дна реки, нужно войти в воду. Разак Абдрахманович смог войти в реку и достать камень, ведь побеждает тот, кто может разглядеть потребность и быстро на нее отреагировать! Имя профессора Разака Абузярова для нас - это синоним инноваций, смелости и нестандартного подхода к образованию.

В заключение хотелось бы выразить свое преклонение перед мужеством профессора Р. А. Абузярова, его настойчивостью, упорством в отстаивании научных позиций и популяризации идей, которые воспринимаются со все более глубоким осознанием их актуальности, современности и общечеловеческой значимости.

Думаю, что рецептом его успеха является то, что он никогда не стоял на месте, верил в себя и надеялся на успех во всех своих начинаниях. Меня называют его любимой ученицей. Надеюсь, это так.

Самое главное, что он дал мне – это стремление к развитию. Мне интересно все. Сейчас, разрабатывая новые курсы по когнитивной лингвистике, психолингвистике, межкультурной коммуникации и др., я испытываю ни с чем не сравнимое удовлетворение. Я наслаждаюсь жизнью, общаясь с учеными высокого уровня, признанными мэтрами лингвистики стран постсоветского пространства. Я счастлива этим общением. Вновь и вновь убеждаюсь, что чем глубже человек, тем он проще.

Спасибо Разаку Абдрахмановичу за то, что он показал мне дорогу жизни, путь, который сделал мою жизнь абсолютно счастливой и наполненной. Поэтому я думаю, что рецепт успеха профессора Разака Абузярова - в его учениках!

Карлыга УТЕГЕНОВА,

доцент кафедры русской филологии

ЗОР ҚУАНЫШ СЫЙЛАҒАН «EXPO – 2017»

«EXPO – 2017» жастар көзімен

Елорда төрінде ұйымдастырылып жатқан «EXPO – 2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауға мүмкіндік алудың өзі үлкен жетістік деп білем. Өзім білім алып жатқан М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті оқуда озат, қоғамдық жұмыста белсенділік танытып жүрген талантты жастарға қолдау көрсетіп, халықаралық көрмені көруге мүмкіндік жасағаны әрбір жасқа қуаныш ұялатары сөзсіз.

«EXPO – 2017» көрмесі кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері де көрсетілді. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә болдық. Өз еліміз бен дамыған елдер арасындағы технологиялық прогрестің өзіндік ерекшеліктерін біліп, бағамдай алдық.

Филология факультетінің студенттерінен құралған «Самал» тобы боп, «Expo – 2017» көрмесіне саяхатты орталық экспозиция – «Нұр Әлемдегі» Қазақстан павильонынан бастады. 9 қабатты көрмені аралап, Қазақстан экспозицияларын тамашалап, болашақ энергиясы жөнінде кең мағлұмат алдық. Әрі қарай көрме аумағы мен қатысушы елдердің павильондарымен таныстық.

Әрине, барлық елдердің павильондарын аралауға бір күн аздық етері сөзсіз. Біз бір күн ішінде 15 елдің (Ресей, Корея, Жапония, Түркия, Әзербайджан, Өзбек, Тынық мұхит аралдары, Австралия, АҚШ, Швейцария, Германия, Қытай, Үндістан, Африка, Тайланд) көрмесін араладық. Оның ішінде, көршілес Ресей елінің айсбергі, Германияның лазерлік шоу көрсетілімі, Кореяның күн, жел, су көздерінен энергия алу жолдары, Тайланд елінің биоэнергия, яғни жүгеріден энергия алу жолдары өзіме ерекше әсер қалдырды. Швейцарияның күнделікті тұрмыста қолданылатын картоп өнімін тек азық ретінде ғана емес, сонымен қатар, картоп қабығын көлік қозғалысына тиімді пайдалану жолдарын түсіндіріп өтті. Болашақта жүзеге асады деген күн энергиясымен қозғалатын велосипед, автокөлік, күн энергиясымен тұрғын үйлерді жылыту құбырлары секілді макеттерін тамашаладық. Біз барған күні ЭКСПО-2017 көрмесі аясында жанкүйерлер мен Астана жастарының ұйымдастыруымен Амфитеатрда концерттік бағдарламаны тамашалаудың сәті түсті.

EXPO жөнінде әртүрлі пікірлер естіп жатамыз. Ал мен үшін, бұл еліміздің абыройын асқақтататын дүниенің бірі, әлемді мойындатқан Қазақ елінің ерен жетістігі. Әлемдегі 160 мемлекеттің ішінен 120-сы бізге дауыс беріп, Бельгия сияқты дамыған елден озық шығуымыздың өзі еліміздің мәртебесінің биіктігі, оған әрбір қазақ қуануы керек, қуанып та жатыр, өйткені еліміз абырой бигінде! Ж. Баласағұн айтқандай: «Көз көрмей, көңіл тоймас» деп, әр қазақ «EXPO – 2017» көрмесін өз көзімен көріп, көңілге тоқыса!

Сандуғаш САГИДУЛЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығының 3-курс студенті,
Президенттік шәкіртақы иегері

Kazakhstan was elected by BIE Member States as the host of Expo 2017 during the General Assembly of 22 November 2012, and Expo 2017 Astana was formally recognised by the General Assembly on 11 June 2014.

My EXPO 2017

EXPO 2017 will last three months, include representatives from approximately 100 countries and is expected to draw three to five million visitors, which would make it the largest international gathering of its kind Central Asia has seen. It will be held during Astana's 20th anniversary as the nation's capital and celebrate the emergence of independent Kazakhstan and the wider region as the energy and communications hub of Europe, Asia and the Middle East since the collapse of communism.

EXPO 2017's Future Energy theme will promote efforts to find sustainable energy solutions to meet growing global demand. Kazakhstan's choice of the topic reflects the recognition by the country's leaders and policymakers that even its vast reserves of natural energy resources are ultimately finite and that eventually the country, and the rest of the world, will have to make the transition to alternative energy sources and greener economies.

Mini-city on 25 hectares with expositions of 115 countries of the world havebeen builtin Astana in fouryears. In each pavilion visitors can get acquainted with features of activity of this or that country on the subject "Energy of the Future". Even the dwarfish state of Vatican has its the pavilion.

I have received many impressions, I have experienced admiration and pride of Kazakhstan! I have found useful things and acquaintances.Most of all I was impressed by pavilions of Germany, Kazakhstan, Italy, Saudi Arabia, the UAE, Monaco, France. I think, everyone has to visit this tremendous place!

Kazakhstan has done big and excellent work in preparation for the EXPO. And, in my opinion, this exhibition will bring success to our country!

Alima DZHUMAGAZIEVA,
2-year student of specialty
"Foreign language: two foreign languages" group ИЯ-22

«Энергия будущего» в наших руках

2017 год полон насыщенными мероприятиями для Казахстана. Столетие движения «Алаш», столетие Великой Октябрьской социалистической революции, XXVIII Зимняя Универсиада, ЭКСПО – 2017 и другие события, обогащающие духовные и материальные ценности Казахстана, также являются точками для фокусирования внимания.

Одно из важнейших событий - это Международная специализированная выставка ЭКСПО. Она будет проходить с 10 июня по 10 сентября в столице Республики Казахстан Астане, тема которой является «Энергия будущего». Не нужно глубоко вникать, чтобы понять смысл этой темы, призывающий людей минимизировать ущерб в потреблении энергии на нашей планете Земля.

Миллионы людей из разных стран посетят эту выставку. И студенты ЗКГУ в том числе. Студенты, обучающиеся по программе «Серпін», во главе с Жанерке Тапаевой поехали в столицу 1-ым потоком 13 июня. Ровно через неделю физико-математический факультет, набрав 25 человек, также отправился в путь. Руководитель, старший преподаватель кафедры информатики Жанна Сагинтаевна Иксебаева сказала: «ЭКСПО первое событие огромного масштаба, проходящее в Казахстане. Поэтому это не только волнительно, но и интересно. Студентам не терпится увидеть своими глазами все достижения в сфере технологии и индустриального развития нашей Родины. И, конечно же, мы в первую очередь рады за них. В целом едут 25 человек, в числе которых 8 преподавателей. К нам даже потянулись наши друзья со своими детьми, когда мы сказали об этой поездке. Поэтому мы надеемся, что это будет поездка, совмещающая и пользу, и отдых».

Не менее довольные студенты также поделились своим мнением. Студентка группы 04301 физико-математического факультета Асемгуль Каржаувова:

-Астанаға өте керемет көңіл күймен бара жатырмын. Негізі, Астанаға бару - бала кезгі арманым. «Армандар орындалады, мақсатың айқын болса» дегендей, бүгін міне Астанаға барып Экспоны көретін кез келіпті. Эксподан күтетініміз көп қой. Қаншама мемлекет келіп, Қазақстанның тамаша жерлерін көріп, салт-дәстүрімен танысып жатыр. Экспо көрмесі елімізге үлкен бақыт әкеледі деген ойдамын.

Мы желаем студентам и их руководителям счастливого пути и новых открытий. Ведь не каждый день мы узнаем новое в сфере науки и техники, а видим своими глазами - ещё реже. ЭКСПО - именно тот редкий отличный шанс, чтобы познакомиться со многими достижениями в новом формате, познать индустриальную важность своей страны.

EXPO 2017 – поистине удивительное событие в жизни нашей страны. Поэтому все мы ответственны и именно от нас зависит уровень проведения данной выставки.

Сая ДУЙСЕНБАЙ

Праздник поэзии

(Ко дню рождения А.С.Пушкина)

Традиционно студенты специальностей русской филологии отмечают день рождения великого поэта. В этом году 4 июня под руководством старшего преподавателя Розалинды Эйзеровны Винник студенты 1-2-х курсов провели в в Доме-музее А.С.Пушкина в г.Уральске праздник Пушкинской поэзии.

Праздник поэзии, убеждены организаторы, способствуют приобщению молодого поколения к гуманитарным ценностям, мобилизации общественности Казахстана для перехода к новым образовательным подходам в духовно-нравственном воспитании, формировании интереса у обучающихся к мировой литературе.

Творчество А.С.Пушкина не только начало русской классической литературы, но и составная часть мировой культуры, находится в одном ряду с творениями гениальных художников слова, как Шекспир, Гёте, Вольтер, Абай.

Произведения Пушкина не теряют актуальности и по сей день, восхищая свободолюбием, выражением различных граней человеческих чувств. Они переведены на десятки языков мира, объединяя почитателей всех возрастов, вероисповеданий, национальностей.

На Вечере поэзии старший преподаватель Розалинда Эйзеровна Винник ознакомила гостей вечера с истоками творчества поэта, мотивировала мысль, почему «читая его творения, можно превосходным образом воспитать в себе человека». Стихотворения Пушкина о красоте природы, о любви как источнике внутренней свободы и гармонии, о гражданственности звучали в исполнении студентов.

Главным организатором праздника Вечера поэзии явилась кафедра русской филологии Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова.

6 июня у памятника А.С.Пушкина при участии поклонников его поэзии - студентов, магистрантов, преподавателей, учителей, хранителей историко-культурного наследия края, творческой молодежи города и вице-консула Генерального консульства Российской Федерации в г.Уральске Пономарева Ю.П. - состоялось мероприятие, посвященное памяти классика. Поклонниками пушкинской поэзии читались не только стихотворения Пушкина, но и посвящения его памяти и таланту других авторов. Так, студентка 2 курса специальности «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения» Альбина Тлеулиева, выпускница казахской школы, прочитала пушкинское «Сожженное письмо», старший преподаватель Розалинда Эйзеровна Винник – стихотворение поэта Серебряного века Михаила Кузмина, а краевед Александр Константинович Комаров – стихотворение Жубана Молдагалиева о Пушкине.

Г.С.УМАРОВА,
доцент кафедры русской филологии

Увлечение

Свет и тень...

Представляем вашему вниманию фотоработы студента 2 курса специальности информационные технологии **Мейирбека Тажкуранова**. Он является лауреатом фестивалей и конкурсов областного, республиканского и международного уровней, его фотографии были отмечены в Дельфийских играх. Станет ли увлечение фотографией делом всей его жизни - покажет время, но мир через объектив его фотоаппарата уже является произведением современного искусства.



Алғыс

Білім ордамды сүйемін!

Бұл мекенге тарыдай шашылып жан-жақтан жинала қалдық. Мақсатымыз – білім деп аталатын теңізде құлашымызды кең серпу. Рас, бастапқыда өз мамандығымыздың қоғамда қандай қызмет атқаратынын да анық білмедік. Кейбіріміз журналиспіз деп те ойладық. Бірақ біз – филологпыз. Сөйлем құрылымын, сөздің дұрыс айтылуы мен жазылуын, әдеби тілдің нормасын, пунктуацияның дұрыс қолданылуын, сөзжасам мәселесін, аннотация мен рецензияның жазылуын үйренеміз. Бастысы біз – тіл жанашырларымыз. Алдымен филолог, содан соң ғана журналист, диктор, редактор, ақын, педагог секілді мерейлі мамандықтарды иелене аламыз. Біз үшін Ақзия апайдың бір лекциясы қай оқу ордасының болмасын төрт жылына татиды. Себебі оның үйреткендерін әлі де ұмытпай, жарыса жаттап айтып жүреміз. Ал, Роза апайдың дәрісін тыңдағандар қазақ болып туғанына қуанарың сөзсіз. Батырлар жырын әуен нақышына келтіре шырқағанда, қалай елітіп тыңдағаныңды сезбей де қаласың. Біз үшін Құспан ағайдай тегін энциклопедия жоқ еш жерде. Тарихтың тағылымынан да, тілдің тарихынан да, тіпті аспан әлемінің құпияларынан да сыр шерткенде тұтас кітапхананың кітап қорын жаттап алған ба деп ойлайсың. Ғабит ағай өмір өткелдерінің сан қырын сөз еткенде біліммен қатар тәрбиемен де сусындадық. Жансая апайдың ақындығы өз алдына, қағытпа қалжыңдары сабақтың көркін кіргізеді. Айта берсем мұндай ұстаздар легі бізде жетерлік. Ерекше сөз еткім келетіні сүйікті кураторым. Алғаш таныстырған кезде түр-тұлғасы келіскен адам екенін байқасам, кейін еңбекпен шыңдалған таудай тұлға екенін білдім. Білім мен ғылымда жеткен орасан жетістіктері өз алдына, өмірде сүйікті жар, сүйікті әке және сүйікті ұстаз. Сүйікті ұстаз дейтін себебім, аз уақыт ішінде қамқоршы қорғанымызға айнала білді. Келген күннен «алтынның түйіршіктеріне» теңесе, ал біз өзімізді «Абаттың асылдарымыз» деп мақтандық. Мақтанатындай жөніміз бар, төрт жыл уақыт ішінде қандай қиын жағдай болса да жанымыздан табылған жалғыз адам – кураторымыз. Қоштасар сәт таяған сайын қимастық сезімі үдей түскендей.

Менің оқу ордам қайталанбас ұстаздардан тәлім алуға мүмкіндік сыйлады.

Менің оқу ордам тәтті естеліктерімнің кейіпкері бола білген керемет достар сыйлады.

Менің оқу ордам келешекке нық қадам басуға алапат күш пен сенім сыйлады.

Менің оқу ордам төрт ғасырға бергісіз ұмытылмас төрт жыл сыйлады.

Балапан ғып баптап, қыранша қанат қақтырғандарыңыз үшін, білім жолына салып берген сара жолдарыңыз үшін, біліммен қаруландыруға күш салған БҚМУ-ым және адамдықтың ақ төрінен айнымаған аяулы ұстаздарым, сіздерге, шексіз алғыс!

Мөлдір СЕРІКҚАЛИЕВА,
«ФҚТ» мамандығы, 02405-топ студенті

Жасыл жасақ

Президентіміз «Ел болашағы – жастар» демекші, білімді де тәрбиелі жастардың өз елінің жарқын болашағы үшін қосар үлесі зор. Еліне ер болар азаматтың бойындағы қасиеттерге тәрбие мен біліммен қоса, еңбекқорлық та тән. Жас ұрпақты еңбекке тарту мақсатында 2005 жылы тікелей Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұйрығымен қабылданған «Жасыл ел» бағдарламасы күні бүгінге дейін өз қызметін нық қадаммен жалғастыруда. Бұл бағдарламаның мақсаты - жастарды маусымдық жұмыспен қамту арқылы Қазақстанның экологиялық жағдайын жақсарту, елдің табиғи құндылықтарын мәпелеуге үйрету арқылы патриоттыққа тәрбиелеу.

Жұмыс жаз мезгілінің алғашқы айының бірінен басталатынына қарамастан, оқу орны студенттері мамыр айларында түрлі мерекелік шараларға қатысып, терек отырғызу, қаланы көгалдандырумен айналысты. Жаңа жас сарбаздармен қоса, бұрын осы бағдарлама бойынша еңбек еткен еріктілер де жыл сайын жұмысшылар санын толықтыруда. Олардың қатарында жоғары оқу орны, колледж студенттерімен бірге, мектеп оқушылары да бар. Маусым айында оқу орындарында жұмысқа жинақталған студенттерді қоспағанда, жастардың өз еркімен құрылған жасақтарында 59 адам еңбек етуде. Жұмысшылар бірнеше жасақтарға бөлініп, жұмасына 5 күн бір үйдің балаларындай жұмыстануда. Ал демалыс күндері басшылар арнайы бригадаларға бөлініп кеткен жастардың бастарын қосып, таныстыру, достастыру мақсатында алуан түрлі іс-шараларды ұйымдастырады. Олар: спорт жарыстары, концерттерге қатыстыру, бірлескен демалыс, сенбіліктер және т.б. Сонымен қоса студенттер мен оқушыларды бастан аяқ арнайы формамен қамтып, жұмыс барысында демалту үшін үзілістер және түскі ас уақыты қарастырылған. Жалақы жағдайы да өзгертілген, бұрын студенттер 40 мыңға жуық ақша алса, қазіргі таңда ол 60 мыңға дейін өсірілді.

Жастарды қоғамдық жұмыстарға араластыру, елінің қамы үшін маңызды еңбекке баулу – берекелі болашаққа бағдар. Ұлт келешегінің айнасы «Жасыл ел» жастар жасағы сарбаздарының ісі үлгі боларлықтай.

Сая ДУЙСЕНБАЙ

Время каникул

Каникулы - это не только время отдыха. Конечно, нет занятий, заданий и зачетов, рубежного контроля и экзаменов. Но можно провести это время не только бродя бестолково в бесконечных сетях инета, а с большой пользой как для собственного кошелька, так и получая новые знания и навыки.

К примеру, можно, наконец, выучиться и получить водительские права. Уральский филиал «Государственная военно-техническая школа МО РК» проводит обучение на категории

«В» в течение 2 месяцев,
«ВС-1» - 4 месяца,
«В» на «С-1» - 2 месяца,
«D-1» - 2 месяца,
«СЕ» - 1 месяц.

Более подробную информацию можно получить по адресу: ул. Абулхаир хана, 5, ост «ДОСААФ» и по телефону: 21-21-10.

Өзіндік ой

ЖАҚСЫНЫ ІЗДЕСЕҢ - КӨРЕСІҢ...

Өзіндік ой түйіп, өмірдің бұралаң сәттеріне тосқауыл болатындай санамыз болсын. Сірә, қамшының сабындай қысқа ғұмырда «сіз-біз» десіп сыйластықта болғанға не жетсін?! Кейбір сәттерде жастар тұрмақ, ересектердің сөзіне құлақ түргенде, көреалмаушылық пен қызғаншақтықтың лебі есіп тұратындай. Әрине, көпке топырақ шашпаймын. Алайда, өмірде бәріміз пендеміз, сондықтан кешірімшіл болуымыз керек. Барлық адамның бойынан іздесең, кемшілік әп-сәтте табылар. Қоғамға пайдалы игі істер істеп, титтей болса да көмегімізді тигізе алсақ қой, шіркін! «Бір пендені мақтай алмасаң, ең болмағанда жамандама. Пайдалы бола алмасаң, ең болмағанда зияныңды тигізбе. Қуандыра алмасаң, ең болмағанда ренжітпе» - деген, сондықтан ойымыз бен көкіректегі кесек ет әманда таза болсын.

Басылым беттерінің бірінен оқырман жазған мақаланы аңғарып қалған едім, тұшымды ойымен мені селт еткізген болатын. Мақалада былай жазылған еді: «Сабақ соңында «бес минуттық тәжірибе» - деді де, апай бір студентті тақтаға шығарды. Оған айналадағы заттардан қоңырларын есінде сақтап қалуға тапсырма берді. Бөлмеде қоңыр түсті зат жеткілікті еді. Досымыз оларды көзімен бір жүгіртіп өткен соң, оған «көзіңді жұм» - деді. Көзін жұмған соң, апай «ал, енді бөлмедегі сары заттарды айтып берші» деген еді. Біз аңтарылып қалдық. Досымыз «оп-оңай» деп қоңыр түстілерді атап беруге даяр тұрған. «Апай, сіз қоңырларды есіңе сақта дедіңіз ғой» деп шу ете түстік бәріміз. Бірақ, апай да айтқанынан қайтпады. «Сен кабинетті айналдыра бір қарап шықтың ғой, сары түстілерді ата». Шынында да, мұнда қоңыр түстілермен қатар, сары түс те жеткілікті еді. Сосын ұстазымыз оған көзін ашуға рұқсат берді. Сөйтті де бізге мынаны айтты: «Сен қоңыр түсті заттарды іздегендіктен, оларды көрдің. Ал жанындағыларды байқамадың да. Бұдан не түсіндіңдер? Өмірде айналаларыңа қандай нәрсені іздеп қарасаңдар, соны көресіңдер. Жақсылық іздесең, жақсылық көресің, қиындықты ойлай берсең, шынында да тек қиыншылықты байқайсың. Сондықтан, айналаларыңнан тек жақсы нәрсені іздеп жүріңдер» » - деп жазған еді. Расымен «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, қызғаншақтық пен көреалмаушылықтан бойымызды ада ұстап, асылы, жағымды қасиеттерімізді артыра түсейік. Өйткені, жақсыны іздесең – көресің, қиындықты ойласаң – алдыңнан шығады.

Ақкенже БЕРКЕНОВА

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А.Байтұрсынов

Журналист
(Journalist)

№6 (17), маусым, 2017 жыл

Жүрек сыры

Жарқыл

Көлеңкелеу күндерім
Күлмесе де көрінер жаңаша алдан,
Таңмен бірге туады таласа арман.
Тықыршиды тұншыққан қайран көңіл
Қастандық деп аталар қара шаңнан.
Тайғанатсын тағдырым талай, мейлі
Сенделмеймін сағымдай санасы ауған.
Бәрібір аласарман!

Қабырғаны қаусатар
Қара жерге көміліп күдіктерім,
Үркітерлік үрейлер үгіп белін.
Бұғауланбас бойыма күштен алып
Үрленеді үзілер үміттерім.
Қалғанынша қайтпаймын құрып демім.

Адастырмас ақылдан
Ақиқатым арылмас айтар әнім,
Шынығамын мейлі ағын, шайқа бәрін.
Мен онсызда ұғындым мына менің
Жаным жарқылдауменен жай табарын.
Қайратымды қажытқан құнсыз күннен
Қарымтамды осылай қайтарамын.

Дүние кең болса да,
Пейілдердің қайтейін тар қылғанын,
Қабыландай қайнаса қарқынды әлім.
Жүрегіме мәңгілік жазып алғам
Болашаққа байланған антым барын.
...Жабылса да жарты әлем жасай берем
Жанарымның жұтатпай жарқылдарын!

Алып арман

Бейуақта басымнан ұшар бағым,
Бірақ та шын тағдырға тұсалмағым.
Қайғы біткен қамалын қарс айырып,
Қиялардың қанатын құш арманым.

Биігінен абайсыз құлайды адам,
Шешім таппай ойыма шыр айналам.
Шақтарда алау шынайы шаттана алмас,
Мағынасыз кештерде мұңаймаған.

Күнмен күліп, жамылып түн желегін,
Үміт болды үзілмес үрлегенім.
Мен сеземін сазарған күздегі ағаш
Көктем келе қайтадан гүлденерін.

Туар қанша ғажайып таң да ағарып,
Бармағымды тістемен барға налып.
Төмендеген еңсемді тіктейді әлі
Алыстарға аттанған арман алып!

Қайтсем екен?!

Жұмбақ ғалам. Уақытым жатты ілесіп,
Қалың ойлар қайрылып қақты ма есік?!
Мен әйтеуір, сандалып жүрмін білем
Болмысыма сыймайтын сәтті кешіп.

Тартуынан тарылтпас таң жырақтап,
Бір әсерлі келеді ән құлаққа.
Санам саққа жүгіртіп, саған ұқсар
Сағым қуып сарылам сандырақтап.

Жасым ба екен жарысқан жылғалардан,
Бұлдыр елес қолдарын бұлғады алдан.
Қайтсем екен арманды құмға қонған,
Қайтсем екен жалғанды мұңға толған?!

Жоқ, мен емес, күнім ғой көкте күлген,
Мен жердемін жазған көз өктем үннен.
Тым болмаса сезсеңші бір жасынды
Өлеңімнен, барымды төккенімнен.

Мен, әйтпесе, жалықтым жатты сүйіп
Жараланған жанымды жек көруден...

Еркеназ ҚАЛИЖАН,
студент

Қастерлім

Көзімнен күнім еріксіз құлай ма тынбай,
Мына әлем мені әлі көп мұңайтатындай.
Өмірде барлық өкпелер болмайды неге
Ұстазым, сенің зілі жоқ жылы айқайыңдай?!

Сабылам тағы сағыныш құшқан ойменен,
Тұншықса төзім тұрлаулы тұста қайтер ем?!
Өмірде неге барлығы өкінгенімде
Өзіңдей түзу бағытты нұсқамайды екен?!

Шерліге айналсам шиыршық шеккенде күйін,
Таза пейілің бойыма төккен мейірім.
Өмірде барлық жандардың өзіңдей неге
Жадыратпайды жүздерін жеткен биігім?!

Қуаныштың да бүгінде құны қалмаған,
Тыныштық табар беймезгіл түніме алданам.
Жасырып жүрмін жалғаннан жамау жанымды
Жанардан үнсіз өзіңдей ұғына алмаған.

Ұстазым...

Мәнді өмір махаббатпен!

Адамдар аз
Жалған жасандылықтан жырақ қалып,
Көңілінен кіршіксіз сыр ақтарып.
Жұдырықтай жүрекке жарығымен
Қалатын тұрақталып.

Көбі мынау
Қауышқанда қаншама айлар асып,
Құтыларын білместен қайда қашып.
Амалсыздан жатады жақындарша
Жүздерін аймаласып.

Айналадан
Жылу іздеп жүремін алып-ұшып,
Көлгірсуге бүгінде бәрі пысық.
Сарғыш тартып бара ма сонау сәттер
Сабылар, сағынысып?!

Шартарапқа
Шашылатын шынайы шапағат кем,
Бәрі-бәрі жаныма батады әбден.
Көңіл мәңгі көркейер сезіне алса,
Өмір мәнді боларын махаббатпен!

Құзар биігім

Талайдан қалған кіршіл көңілім
Көне алар ма екен келешек бұрқасындарға?!
Селт етпес жаным шырайлы нұр шашуларға.
Ал, жүрегім ше, қамалған қалың қапасқа
Қайтадан босап, сүюге мұршасы бар ма?!
Бәрі де, күнім, сен берген үміт кесірі
Талпынам деген тынбастан бірге асуларға.

Үміт кесірі, шарпыған жалыны бекер,
Өкініш толып өксікке аһ ұрып не етем?!
Бір әуен шымшып барады құлағымды әне,
Ол маған айтқан әніңнің сарыны ма екен,
Көрші ит те жазбай даусыңды таныды ма екен?!

Естілді білем, әйтеуір, шала дауысың,
Құс болып қазір жаныма келе аламысың?
Себебі, сені теңеп ем ақ шағалама
Бірақ, ол бүгін барады жағалауда ұшып.
Еһ, махаббат ол – қол жетпес құзар екен ғой,
Биігін әркім барында бағалау үшін.

Студент-жазушы

ТАҢҒЫ ОЙ

(этюд)

Ғажапқа толы жер шарының бұл сыйы мені қатты таңдандырған еді... Жаз айы болатын. Терезе жабынынан сығалай қараған күн сәулесі көзіме шағылысып, ерте оянуға мәжбүр етті. Таң нұрына бөленген табиғат құстар әуеніне тамылжып, күн шуағына шомылуда. Осынау көріністің ұйқымды ұрлағанына кейіп, жақтырмаумен болдым. Бір сәтте ас үй жақтан әкемнің дауысы естілгендей елең ете қалдым. Әлде бөтен адам кіріп кеткен бе? Жоқ, әкемнің дауысы болатын. Жүрегім алып-ұшып, кеудем қуанышқа толып, тұла бойым діріл қағуда. Әкем келген. Иә, рас, әкем келген екен. Дауыстың иесі әкем екеніне сенімім зор болған сайын, көруге құлшынысым арта түсті. Қаншама жылдардан кейінгі кездесу, менің өмір бойғы сағынышымды қалай басар екен. Көзімдегі мұң мен жүрегімдегі қайғыны әкелі-балалы болып жуып шаяр ма едік? Іштей өзіме сауал қойып, естігім келетін жауаптарды өзім беріп, безек қағудамын.

Анамның демдеген шайының иісі маған да жетті. Әкем екеуі марқайып шай ішіп отырса керек. Менің баруға жүрегім дауаламай отыр. Дайын емес едім. Жүгіре басып, мойнына асыла еркелеп, сағынышымды рахаттана бассам ба? Жоқ. Мүмкін маған берілген алғашқы және соңғы мүмкіндік шығар. Алдымен сәнді киімдерімді кие бастадым. Он жыл бойы көрмеген қызын әкем қалай елестетсе, мен соған лайық болуым керек. Таранып, анамның туған күніме сыйлаған аппақ көйлегімді киіп алдым. Есікке қарай адымдай бастағанымда кенет ойыма бірдеңелер түсе қалды. Ол – әкем жоқ кездегі мен жеткен жетістіктердің заттай дәлелдері. Күнделігімді, мадақтау қағаздарымды жия бастадым. Әкеме мақтанбақшымын. Мектептің атын шығарып, талай жүлдені қанжығама қалай байлағанымды, білім алуда қалай еңбектенгенімді, сол еңбегімнің нәтижесін қалай көріп жатқанымды айту мен үшін парыз еді. Осыларды ойлап жүрегім сағат тіліндей тық-тық етіп соққандай. Ішімнен сағат жұтып қоймадым ба деп күлемін. Бөлме мен бөлме ішіндегі заттардың бәрі күлкілі көрінді. Себебі көргелі тұрған әкем бұл қуаныштың куәсі еді. Әкемнің даусы анығырақ естіле бастады. Балаларымды сағындым, оятып әкелші деп анама тілегін айтуда. Апам біздің ұйқымызды қимайтын. Оятқысы келмегені анық. Мен күнделігімді қойныма қысып, есіктің аузында тұрмын. Әкем қалай келгенін айтып жатыр екен. «...Мен сендерді ешқашан тастаған емеспін. Сені, үш балапанымды қиып кету маған қатты ауыр тиді. Қайда болсам да жүрегім сендермен бірге. Бүгін сендермен көрісудің реті келгеніне шексіз қуанып отырмын. Балаларымның аман-есен ержетуі мен үшін ғанибет болса, сен үшін маған жасаған үлкен сый екеніне күмәнім жоқ».

Әкеме барудың реті енді келгендей табалдырықтан аттай бергенімде, інімнің жөтелген дауысы тоқтатты. Лезде артыма қарап, екі бауырымның пырылдап ұйықтап жатқанын көріп кідірдім. Бұл бақытты, бұл қуанышты жалғыз қалай көрмекпін. Жалғыз өзім қалай әкемді құшақтап, сағынышымды баспақпын. Әкемнің не дауысын, не жүзін көрмеген сіңілімнің түрі одан бетер әсер етті. Бәрін қойып екеуін оятуды жөн көрдім. Екеуі түүүу, бізге демалыс емес пе, неге оятасың деп маған өкпелей әзер оянды. Мен қуанышымды жасыра алмай, болған жайттың бәрін айттым. Әкемнің ас үйде анамызбен рахаттана шай ішіп, бізді күтіп отырғанын да баяндадым. Екеуі шошып кетті. Думан сенбейді. Ал, сіңілім Аллаға алғысын жаудыруда.

Осындай ғажап нәрсенің бізге бұйыруы – біз үшін зор қуаныш. Уақытты созбай үшеуіміз шыттай киініп ас үйге жарыса беттедік. Бірақ, біз күткен көрініс ғайып болыпты. Анам көзі жасаурап, таңғы шайын терезеге үңіле жалғыз ішіп отыр екен. Мен анама бір, бауырларыма бір жалтақ-жалтақ қарап, өзімді кінәлі сезіндім. Інім қолын бір сілтеп, тысқа шығып кетті. Содан кешке дейін оралмады. Сіңілім көзі қып-қызыл анамды құшақтап, папаны сағындым деп жылай жөнелді. Осындай сұрықсыз көрініске жалғасқан менің ойларым жай ғана түс болғанына іштей тілімді тістеп қатты өкіндім... Әкемді көрем деген үмітімнің әлсіз жіптей оп-оңай үзілгеніне жүрегім қанжылап, көңілім қатты жабырқаумен болды.

Саяжан НАСИБУЛЛИНА,
02301-топ ("ҚТӘ")

*«Журналист» («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – **Еркеназ Қалижан** («ФҚТ», Фил – 11 - топ),*
***Саяжан Насибуллина, тілші (**«ҚТӘ», 02301-топ).*
*Кеңесшісі – **Гүлден Амангелдіқызы,** «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері*

МАХАМБЕТ дауысы

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

№6 (31), маусым, 2017 жыл

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,..
Ерлердің ісі бітер ме?!

Пока не оседлан боевой конь,
Пока копье не сожмет ладонь,
Пока не продолжен тернистый путь,..
Разве одержишь победу, Герой!

Махамбет

Модернизация общественного сознания

ПАНОРАМА культуры края

На одной из улиц священного города Туркестан можно встретить вывеску с глубокими по своему содержанию словами «Ақсақал болу – абырой, ардагер болу – мәртебе». Если люди в возрасте считают, что в старости мысли – яд, жизнь – вода, надежда – пар, то Жайсан Досболатұлы Акбай представляет вниманию читателей сборник «Мағмұр сұңғат», которая выступает как панорама культуры и искусства западной части казахской степи. Безгранична благодарность и признательность нашему аксакалу за ценный дар.

Как сказал один гений, через знание, освоение всех культурно-этических норм можно было бы овладеть всем миром. А что такое культура? На первый взгляд, аксиома. Проведенные исследования в области культуры показывают, что среди искусствоведов нет единого понимания слова «культура», доказательством чему служит около ста пятидесяти определений данного понятия. Также в последние годы многозначность понятия «культуры» можно проследить в монографических трудах, посвященных общим теоретическим вопросам культуры.

Если внимательно рассмотреть различные точки зрения понимания «культуры», нельзя утверждать, что позиции ученых культурологов совершенно противоречат друг другу. Рассмотрев, какую позицию больше придерживаются исследователи, вполне можно было бы сгруппировать представленные справки в несколько структурных вариантов. Таким образом, культура – это творческая деятельность человека в создании духовных и материальных ценностей и их достижении. В результате человек, и как физическое лицо, и как неповторимый индивид, испытывает на себе процессы своеобразного раскрытия, полноценного становления, утверждения. А подобный вывод ведет к пониманию культуры как феномена, единого особого явления. Еще один аспект восприятия культуры таким образом в том, что глубокое значение культуры раскрывается только через действия человека, понимание как философско-антропологическое понятие. То есть, культура – необходимое условие развития человека, становления его как личность и индивид, раскрытия его способностей, знаний-навыков и их совершенствования. Человек может раскрыться более полно и глубоко только в творческой деятельности, в порождении ценностей, в точном определении, то есть в пространстве культуры.

Жайсан Досболатұлы в своем труде отмечает, что «культура – составная часть природы, логическое продолжение природной эволюции, воспитания, совокупность воспитания, опыта, мощное средство в преемственности поколений».

Жизнь и деятельность Жайсана Досболатұлы посвящена человеческой духовности, сфере культуры и просвещения, воспитанию молодого поколения. Значит, решение ученого краеведа-историка собрать и систематизировать мысли, размышления, идеи о культуре и искусстве их создателей, только приветствуется. В результате Жайсан Акбай, изучив наследие деятелей искусства, поставил цель донести его до будущих поколений, чтобы оставить в памяти народа. Тому доказательством служат включенные в данный сборник такие разделы, как «Путь к цивилизации через культуру», «Национальная культура казахов», «Фундаментальные назидательные уроки прошлого», «Мир искусства», «Литературоведение. Казахская литература», «Культурно-духовное пространство искусства Западно-Казахстанского региона», «Литература Западного Казахстана», «Аналитическая справка о развитии культуры в Западно-Казахстанской области (1991-2016 гг.)», «Культура и искусство Атырауской области», «Культура и искусство Актюбинской области», «Культура и искусство Мангистауской области», «Их имена и искусство в нашей памяти и в наших сердцах», «Культура и искусство - средство единения людей».

Труд Жайсана Акбая – назидательные фрагменты и этюды культуры и искусства западной части казахской страны. Труд, поддержавший статью Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Принцип Жайсана Акбая – понимание культуры и искусства в качестве генетического кода нации. Автор пишет о том, что объединение культурных элементов друг с другом в целях укрепления краеугольного камня нашей культуры является делом безотлагательным. Достижение успехов в развитии культуры наряду с достижениями в области экономики, подняться до уровня развитой страны - важнейшее условие. Также мнению автора, «культура - мощная сила. Человек не может быть сильным благодаря только силе, может быть сильным, опираясь на культуру. Культура способна на революцию без оружия. Культурная революция более эффективна, ее сила намного больше политики. Перестановки в сфере культуры - результат долгой работы, которая осуществляется на фундаментальной основе. Поэтому какое бы ни было общество в самый ответственный период своей судьбы всегда обращал особое внимание культуре».

В содержании сборника особо выделяется вопрос сохранения духовных ценностей наших предков. Следовательно, в связи с этим мы должны усилить ответственность, со временем духовно-культурные ценности, выразившись в необходимые «формулы», должны превратиться в силу, которая будет служить выходом страны на мировую арену.

Примечательно, что предлагаемый вывод автора о том, что преобразование Казахстана в цивилизованную страну через заботу и поддержку лиц созидательного труда, ученых есть задача светской власти.

Абат КЫДЫРШАЕВ,
член союза Журналистов Республики Казахстан,
академик Академии Педагогических наук Казахстана

Тұлға беделі

Авторитет хақында

Слишком у многих людей вошло в привычку принимать авторитеты на меру.

Альфред Адлер,
австрийский психолог

***

Любой авторитет, который не признан спонтанно, а должен навязываться силой, является фальшивкой.

Альфред Адлер

***

Авторитет является источником предрассудков.

Ханс Георг Гадамер,
немецкий философ

***

Авторитет – это тирания личности.

Андрей Лаврухин,
ученый-историк, афорист

***

Слепое поклонение перед чужим авторитетом сводит человека на нет.

Уильям Сомерсет Моэм,
английский писатель

***

Авторитет – это человек, на мнение которого ссылаются за неимением веских аргументов.

Эдуард Севрус,
литератор

***

Многим выдающимся людям становится не по себе, когда они поближе узнают тех, у кого пользуются авторитетом.

Эдуард Севрус

Редакция бөлімі

Хикаят

Аппақ сезім

(үзік сыр)

«Сәлем, Аймандай! Сен сыныбыңдағы... Жо-жоқ, мектептегі ең сұлу қызсың! Мен сені жақсы көремін! Және мендерінді... Сәлеммен, Ғали!» Бұл хаттың сүйгенінің қолымен жазылмай, қос ғашықтың сезімдерінің нүктесін қойып, арасына бөгет болған жанның қолымен жазылғанын білсе де, Аймандай көзінің қарашығындай сақтап, алғашқы бала махаббатының куәсі ретінде қызғыштай қорып келеді... Сол қалпынан бір мыжылып, немесе қылаң түсіп көрген емес. Мектеп бітіргеніне 2 жыл өтсе де, сол бастауыш сыныптан қалған хат, сол кезден қалған шынайы ғашықтық пен алғаш жүрегінің ақ парағына тамған қара сия... Ұмытылмады. Ұмытылмайды да. Өткен күннің елесімен өмір сүру дұрыс емесін біле тұра, өткенін еске түсірмей жүре алмайды. Бүгін де, түн ауа ұйқысын бұзған ойлардың шырмауынан шыға алар емес: өткенін ойлап, сол баяғы сәби жүрегінің түкпіріндегі қобалжу мен реніші, сенім мен сезімді, нәзіктік пен батырлықты еске алып, бұлт торлап алған аспан артына жасырынған аймен сырласқысы келіп, күнде көрінетін жымың қаққан жұлдыздарды да тамашалай алмай, қиналыңқырап отыр... Ертеңгі күн күллі Алматыға өзін дәлелдеп, өнерін көрсететінін де ұмытты. Ұйқтар алдында әнін де қайталамады. Бірақ, несін қайталасын. Ауылда, екеуі сезімдерін білдірмес бұрын, қонаққа ата-анасымен бірге келген Аймандайға Ғали гитарасын алып тебіреніп тұрып орындап беруші еді ғой сол әнді. Өзі емес жүрегі орындайтын... Иә, ағасының қарындасына деген жүрегі... Аймандай солай ойлаушы еді. Тек солай ғана жақсы көреді деп, қарындасым деп қарайды деуші еді ішкі түйсігі. Алайда, олай емесін сыр сақтай алмайтын уақыт айтып қойған...

Хат жаздым қалам алып сізге еркем,
Жүзі бар он төртінші-ай айдай көркем.
Есіме сен түскенде, беу қарағым,
Қозғайсың қатып қалған-ай іштің дертін...

15 сәуір. Сахна алдында өзін дайындап тұрған сәт. Қобалжып, қолы да терлей басатады. Ең алғаш ойына келгені Ғали екеуінің алғашқы кездесуі. Дәл осы сәттегідей қобалжып, алақаны терлеп, жүрегі кеудесін тесіп өтердей лүпілдеп, беймаза күйді бастан кешкен. Бүгін де дәл сол сезім қайталанып тұрғандай. Тек, қазір ғашығын емес, сахнаны, көп жұртты көретіні болмаса. Еріндері кеуіп, маңдайынан суық тер бұрқ ете қалды. Бөтенкемен су ұсынған гримм жасаушы қыз. «О, құдірет! Дәл өзі ғой. Сол баяғы жасыл көздер, ақ тері, шиедей қызыл еріндері. Бір кездері дәл сондай сұлулық бұйырмадыға басып өкінген едім. Жер ана неткен тар едің! Дәл бүгін, қарсы алдыма балаң пейілімнің, ақ жүрегімнің паршасын шығарып, «достық» деген ұлы сезімнің жоқтығына көзімді жеткізіп, мені сан соқтырған «қатыгез құрбымды» айдап келдің, Тәңірім! Өңім бе, түсім бе?! Әлде, бір кездегі үнсіздігімді жуып-шайып, бүгін бар шерімді сыртқа шығаруға мүмкіндік бергенің бе...» Ойы сан-саққа жүгіріп, абдырап қалған жас әншіні көрген бойжеткен: «Қобалжып тұрған сыңайлысыз. Су ішіп, өз-өзіңізге келіп алыңыз. Керек болсам шақырарсыз, осы маңда боламын» - деп, өз жұмыстарымен кетті. «Танымады. Ғалиымның, менің досым болып, періштенің кейпін киіп, бір сөз алыспай тек хат арқылы табысып жүрген жандардың арасындағы бір байланысты да қызғанып, ақыры үзіп тынған, қағаз бетіне түсірілген сезімдерімізді табыстамай, қолдары барып паршапаршасын шығарып турап тастап, түк болмағандай «хат жазбадының» сайраған, кейіннен Ғалиымның қолынан ұстап, көзімнен ғайып болған, Қатігезім! Танымады...» Иә, ішкі ойымен қанша күрессе де, ойлауын тоқтата алмады. Соңғы минуттар:

- Сахнада келесі қатысушымыз. Атырау өңірінің намысын қорғап келген Аймандай Ақиқатқызы!

Микрофонды қолына алып:

-Хат жаздым қалам алып сізге еркем... Кілт тоқтап қалды. Өз көзіне сенбеді. Тағдыр онымен ойын ойнағандай болды. Қазылар алқасы. Үш адам. Ортасына жайғасқан қара торы, ұзын бойлы, шашы қайратты, өзін биік ұстайтын, жаныңдағылардан бір саты жоғары көрінетін сұлу жігіт. Ғали! Дәл өзі! Ол да бірден танып, Аймандай бастаған әнді жалғастырып өкетті. Бірер секундтар және олар бірге, бір сахнада, бір әнді шырқап тұр. Бір -бірінің жүрегіне еніп, бар әлемді ұмыт қалдырып, өз қиялдарына сапар шекті...

Кейін... Кейін не болғаны жасырын қалсын. Әйтеуір «үш достың» арасында ұзақ әңгіме болғаны рас. Көңіл кірі айтса ғана кетеді... Іштерінде айтылмай қалған дүние жоқ десе, жалған емес-ті. Құрбысының бәрін әлі күнге жалған айтып, қайта, Аймандайды айыпты қып қойғанына қайран қалды. Ауыз не қаласа сонны айтып, онсыз да күйген жүрекке тұз себуін тоқтатпады. Шындығында, адамдықтың тізгінін босататындар – ең біріншi, азғындықтан әр жерге тілін тығып, қатені езгеден іздеуге құмар бейшаралар. Қай кезде не айтарын ұғынбайтын, жан дүниесі көрсоқыр бола тұра, өзін бәрінен биік көретін «ұлтарақтар». Біреудің жақсылығын емес, бір шалыс қадамын әспеттеп, оның үстіне жасалған жақсылықты өзіне тиесілі көріп міндеттейтіндер...

«Үнсіздіктің баға жетпесін сезінген қандай керемет! Үнсіздікте «айтылған сөздердің» қаншалықты құдіретті екендігін сезіну... Арзандықтан алыстап, өзіңмен үндесу. Ең керемет сезім...» деп ойлады ішінен. Қанша кешіргісі келгенімен, болмады... Бір кездегі үнсіздігі мен жуастығы үшін өзін кінәлі сезінді... Сатқындығы мен қас пиғылы үшін құрбысын жазғырды... Махаббаты үшін күресе алмаған, сенгіш Ғалиды айыптады. Екініш өзегін өртесе де, осы кездесуден кейін өмірге қайта келгендей күй кешті. Алға қарай нық қадамдар жасап, «еті жұлынып, сүйегі мүжілген күз ғұмырының соңғы сыбағасын» күтуге бел буды. Мың көзден емес, бір жүректен орын тіледі. Көңіліне серік қосшы, сырға берік дос, жалғыздығына жұп жар күтемін деп шешті. Мейлі, сүрінерін білсе де, қиындықтың молдығын сезсе де, жүрегінде қатқан ескі дертінен айыққанына бақытты еді...

Жас әнші

«Махамбет дауысы» жаршысының жауапты редакторы – **Балдырған Ағатаева** («ҚТӘ»,02302-топ), тілшісі – **Әселханым Ғайнеден** («ФҚТ», Фил-13-топ). Кеңесшісі – **Гүлден Амангелдіқызы,** «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының әдіскері.

Практика

ГЕОГРАФИЯ родных просторов

Ежегодно студенты-географы 3 курса естественно-географического факультета по окончании учебного года полученные в стенах факультета знания применяют на практике непосредственно в природных условиях.

Дальняя зональная практика будущих учителей географии продлилась с 30 мая по 3 июня по маршруту Уральск - Аксай - Акбулак (Миргородский заказник) - Чингирлау - Карaагаш (Сакркырама) - Аккум - Жымбиты - Уральск. 20 студентов под руководством старшего преподавателя кафедры географии В.И.Амельченко и преподавателя А.А.Тургумбаева в сопровождении водителя автобуса М.Галимова проводили ландшафтные исследования по пути следования.

Помимо знаний и умений, студенты овладевают многими навыками, чему не научиться, сидя за партой в уютных аудиториях. Переезжая с одного пункта в другой на автобусе, 5 дней и 4 ночи на природе, вечера до утра в палаточном городке, поставленном собственными руками, работа на открытом воздухе под солнцем и дождем, на ветру и в пыли. Это закалило студентов и вдохновило вновь опытных преподавателей. Это и школа мужества, и возможность узнать в быту, что такое дружба, испытание физических возможностей и психологической стойкости. И романтика путешествий! Ведь ни с чем не сравним суп из тушенки, приготовленный на костре - что может быть вкуснее! Необъятные просторы родной степи и мириады звезд на ночном небе нельзя увидеть в городе. В таких условиях, по наблюдениям преподавателей, не только каша с дымком, но и теоретический материал осваивается студентами лучше.

По возвращению в Уральск, студенты подвели итоги практики, выдержав в походных условиях и подтвердив высокое звание студентов ЗГКУ.

«EXPO» – БҚМУ жастарын күт!

Міне, әлем көз тіккен «EXPO-2017» Халықаралық көрмесінің ашылу сәті де келіп жетті. Қадірменді меймандармен бірге байтақ еліміздің әр аймағынан алғашқы көрермен қауым ағылуда. Дүйім қазақ халқы мамандандырылған көрмені Елордамыз Астанада өткізу бақыты бұйырғанын мақтан тұтады. Бұл мемлекетіміз үшін үлкен мүмкіндіктердің кепілі, яғни EXPO-2017-ні өткізу еліміздің инфрақұрылымдық дамуын, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік ресурстарын шоғырландыруға, сондай-ақ жеке интвестициялар бағыттауға, ішкі туризмді дамытып, шетелдік туристер санын ұлғайтуға негіз болады. Білетініміздей, көрме қарсаңында зәулім ғимараттардың салынуы, әсем қаламыздың күннен-күнге ғарыштап өсіп, гүлденуі өршіл мақсаттарымыздың жүзеге асуынының негізі болмақ. Халықаралық көрмеде барлық мемлекеттер өздерінің таңдаулы технологиялық, мәдени-ғылыми жетістіктерін паш етпек. «Болашақ энергиясы» көрменің негізгі тақырыбы болмақ.

Алғашқылардың бірі болып EXPO-2017 Халықаралық көрмесіне М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен белсенді студенттер жолға шықты.

Баратын алғашқы делегатцияға университеттің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелері жөніндегі проректоры Даришева Түймеш Малбағарқызы «Сәт сапар» тілеген болатын. 12 маусым күні «Орал-Астана» пойызымен жол жүргелі тұрған университетіміздің мақтаныш тұтатын бір топ белсенді студенттеріне: «Біздің Астанадағы көрменің тақырыбы «Болашақ энергиясы» деп аталады, ол баламалы энергия көздеріне және «жасыл» технологияға арналған. Ұсынылған тақырып қаншалықты маңызды деп ойлайсыз? Бұл егемен еліміз үшін сындарлы абырой деп ойлайсыз ба? Халықаралық EXPO-2017 көрмесіне қандай мақсатпен бара жатырсыз? Қандай әсерде боламын деп ойлайсыз? «EXPO көрмесін тамашалауға бара жатқан әсеріңізбен бөліссеңіз? Көрме өткізу кезінде Қазақстанның Елордасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген түрлі мәдениеттердің үндесетін орнына айналмақ, оны өз көзіңізбен көру бақыты бұйырып отыр, дәл қазіргі сәттегі көңіл-күйіңізбен бөліссеңіз? деген сауалдар қойылды. Бұл сұрақтарға студенттер өз ойларын білдірді:

Жанерке Тапаева («Серпін – 2050» бағдарламысы М.Өтемісов атындағы БҚМУ координаторы, делегат студенттердің жетекшісі): Оқу ордамыздан *50-ден астам студенттер бара жатыр.*

Біздің оқу ордамызда 408 серпіндіктер білім алуда. «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» - «Серпін-2050» әлеуметтік жобасы аясында білім алып жатқан студенттер бірінші делегат ретінде бара жатырмыз Көрме өзінің дәрежесіне сай, керемет болады деген ойдамыз. Елімізді осы күнге дейін Генадий Головкин, Димаш Құдайбергенов сияқты танымал спорт, мәдениет майталмандары танытып жатса, енді инновациялық жақтан жаңа идеялар, жаңа технологиялар әлемге паш етілуде.Әлемнің әр түкпірінен келген қонақтармен пікір алысу, олардың көрмелерінде көрсететін әр бағыттағы жобаларын тамашалау, еліміздің патриот жастары үшін болашақта сол жобаларды жүзеге асыру, тың идеялардың тууына мүмкіндік береді. Осы ойда Елбасымыз үлкен үмітпен осы жобаны алған болатын. Қазақстан сол үмітті ақтайды, елдің болашағы одан әрі жарқын болады деген сенімдеміз. Осындай өнегелі, ауқымды шараға үлес қоспай, үнсіз қалу - болашақтың жастары біздер үшін ұят, өзімізге сын болады. Өйткені студенттер Елбасының қолдауымен,«Серпін» бағдарламысымен білім алып жатыр. Бұл қамқорлықты әр студент жақсы түсінеді.

Тұрмұхан Нұрдәулет (Тарих факультетінің 2-курс студенті): *EXPO-ға баратын жанның әсері* ерекше болады деп ойлаймын. Себебі, ол ірі жобаны көрген де арманда, көрмеген де арманда! Шыны керек, жақсы энергиямен бара жатырмыз. Белсенділігіміз, құлшынысымыз одан сайын артады деген пікірдемін. Мен білетін EXPO тақырыбы «Болашақ энергиясы» деп аталады. Алпауыт елдердің назарын аударып жатқандықтан, аталмыш тақырып енді ешкімді бей-жай қалдырмас деп ойлаймын.

Қажығали Тұрсынай (филология факультетінің 4-курс студенті): *EXPO-2017 кермесі Халықаралық* мамандандылылған көрме екенін білеміз. Өзіңіздің сауалыңызда тиек еткендей 3 айға созылады.Тақырыбына сәйкес «Болашақтың энергиясы» деп аталғандықтан, *баламалы энергия кездерін жаңа әдістемелер арқылы*, жаңа технологияларды пайдалануға және өзіміздің елімізде қолжетімді етуге, экономикамызға да септігін тигізеді, еліміздің дамуына, ғылыми технологияның дамуына өте қарқынды серпін беретіні белгілі. Сондай-ақ Қазақстанның Елордасы әлемнің түкпір-түкпірінен келген әртүрлі мемлекеттердің мәдени ошағы болмақ. *EXPO-ға, әсем қаламыз Астанаға да алғаш рет* бара жатырмын. Өте жақсы, әрі ұмытылмас әсер аламын деп ойлаймын.

Қожатай Гүлнар (жаратылыстану-география факультетінің 3-курс студенті): Мен әлемдік жобалардың, таңқаларлық жобалардың бірі болғандықтан өзімнің дүниетанымымды кеңейту мақсатында және әлемдік бағдарламаларды көру мақсатында осы EXPO-ға бара жатырмын. Кез-келген адам *EXPO-ға бару мүмкіндігіне ие болып жатқан жоқ. EXPO-ға* барғаннан кейін де, қайтқаннан кейін де біздің одан алар әсеріміз өте мол болатынын секілді, өйткені біз жаңа, *тың*, *а*шылмаған жаңа технологияларды, бүкіл әлем көретін дүниелерді қарап келеміз.

Жұмабай Әсел (филология факультетенің 2–курс студенті): Осы күнге жеткеніме өте қуаныштымын, себебі тұңғыш Елбасыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы EXPO көрмесінің болатынынан 2012 жылы хабардар еткен болатын. Мемлекет басшысы «EXPO-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлыққа қол қойып, 2014 жылы EXPO-2017 көрме кешені құрылысын бастап берген болатын. Мен ол кезде мектеп табалдырығынын әлі аттай қоймаған кезім еді, өте қатты таңғалған едім. Барсам екен деген тілегім болды. Аллаға шүкір, бұйырды! Университет те қолдап бізді апарып жатыр, өте қуаныштымын, бәрі маған түс секілді. Мен ойлаймын, біздің Елбасымыз өте керемет жобалар ұйымдастырды, Астана адам көргісіз өте қатты өзгерген, сондай әдемі шаһарды көруге бара жатқаныма өте қуаныштымын. Тамырында қазақтың қаны бар қазақтың жастарын *EXPO-ға баруға шақы*рамын, әлемдік деңгейде болып жатқан көрмені қалайша қазақ жастары көрмеске?

Еліміздің дамуына титтей де болса өзімнің үлесімді қосқым келеді. Сондықтан *EXPO* - БҚМУ жастарын күт!

Ескермес Арайлым (филология факультеті, «шет тілі және екі шет тілі» мамандығының 2-курс студеті): *EXPO-2017 - Қазақстанда* алғаш рет өткізіліп отырылған халықаралық көрме болып табылады. Бұл көрменің бізге берері өте мол. Көрме арқылы біз әлемдік аренаға өз мәдениетімізді көпшілікке танытып, экономикамызды да көтеруге үлкен мүмкіндік береді деп ойлаймын. Бұл көрмеде 100-ден астам елдің павильондары ашылады*. Жалпы бұл кермені асыға к*үтудеміз, Астанамыздың көркеюіне үлкен септігін тигізеді деген ойдамын.

Жаңабай Асылтас (физика-математика факультетінің 3-курс студенті): Өзім физика мамандығында оқығандықтан, *өз кезіммен б*үкіл әлемнің көптеген елінен келген павильондарын, олардың ұсынып жатқан дүниелерін тамашалайтын боламыз, керемет әсерде болатыныма сенімдімін.

Байқағанымыздай, Мағжан сенген жастар, елінің патриоты болып, EXPO-2017 Халықаралық көрмесін тамашалауға жол жүріп бара жатқан студенттерімізге сәт сапар тілейміз!

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Таралымы 800.

РЕДАКТОР: Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА
ТІЛШІЛЕР: Сая ДУЙСЕНБАЙ, Айша КЕМЕШОВА, Аккенже БЕРКЕНОВА
Корректор: Ақзия Адиловна НИЯЗГАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА
ФОТОСУРЕТ: Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында терілпі, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3. Тел.:50-41-46

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Достық даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www. wksu.kz, e-mail: orken@wksu.kz